

Халықаралық Аралды құтқару қоры қызметінің мәселелерін қарау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 37-ө Өкімі

Халықаралық Аралды құтқару қорының (бұдан әрі - ХАҚҚ) шарттық-құқықтық базасын және ХАҚҚ Атқарушы комитетінің қаржы-шаруашылық қызметін түгендеуді жүргізу, сондай-ақ ұйымның алдағы қызметі мәселелерін қарау мақсатында:

1. Мынадай құрамдағы сарапшылардың жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|-----------------------|---|
| Кеншімов | - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы |
| Әмірхан Қадырбекұлы | министрлігінің Су ресурстары комитеті |
| | төрағасының орынбасары, жетекші |
| Бекниязов | - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны |
| Болат Қабыкенұлы | қорғау министрлігі Стратегиялық |
| | жоспарлау және талдау департаментінің |
| | директоры, жетекшінің орынбасары |
| Ғабдыжамалов | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер |
| Нұрлан Мұратқазыұлы | министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер |
| | Достастығы істері департаментінің |
| | екінші хатшысы, хатшы |
| Ермекова | - Қазақстан Республикасы Экономика және |
| Несіпбала Әбсағитқызы | бюджеттік жоспарлау министрлігі |
| | Салалық органдардың шығыстарын |
| | жоспарлау департаментінің директоры |
| Есімқұлов | - Қазақстан Республикасы Қаржы |
| Ерлан Тұрланғазыұлы | министрлігінің Мемлекеттік қарыз алу |
| | және халықаралық қаржылық қатынастар |
| | департаменті халықаралық ынтымақтастық |
| | басқармасының бастығы |
| Бұхбантаев | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер |
| Жандос Керімтайұлы | министрлігі Халықаралық құқық |
| | департаментінің бөлім бастығы |
| Қуатбекова | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер |
| Эльвира Қабылқызы | министрлігі Валюта-қаржы |
| | департаментінің бөлім бастығы |
| Есімова | - Қазақстан Республикасы Әділет |
| Әсел Қабдылхайырқызы | министрлігі Халықаралық құқық, |

мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау,
шарттар және кінәрат-талап жұмыстары
департаментінің бас маманы

2. Жұмыс тобы 2007 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ХАҚҚ құрылымы мен қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды енгізсін.

3. Жұмыс тобына белгіленген тәртіппен жұмыс тобының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың мамандарын тарту, сондай-ақ оған жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты сұрату құқығы берілсін.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жұмыс тобының қызметін үйлестіруді және қажет болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметіне жұмыс тобының құрамындағы тиісті өзгерістер жөнінде жедел түрде ұсыныстар енгізуді жүзеге асырсын.

5. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр